

Мәртөк ауданы Құмсай ауылы «Құмсай бастауыш мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған 2«А» сыныптың тәрбие жоспары бойынша жылдық
талдау есебі

Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеті:

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриот қалыптастыру; Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін қалыптастыруға ықпал ету; Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына ықпал ету; Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру; Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету; Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгерту.

Жұмыс түрлері: тәрбие сағаты, сынып сағаты, әңгіме.

1. Алға қойылған мақсаттарды орындау үшін оқу жылынан бастап сынып сағаттары мен тәрбие сағаттары, түрлі ашық іс-шаралар, әңгімелер жүргізілді. Мысалы: оқушылардың мектеп табалдырығын аттағаннан кейінгі танымдары артып, бірінғай талаптардың орындалуы қалыптасты, сыныптастарымен және басқа ұлт өкілдерінің балаларымен тату, үлкендерге сәлемдесуді білетін болды.

2. Сынып белсенділері өздеріне міндеттелген жұмыстарын саналы түрде орындайды. Тәрбие жұмысын сынып болып, бірлесе атқарады. Сыныпта ауызбіршілік, бірлік, татулық сияқты қасиеттер орын алған.


3. Сынып жетекшісінің басқаруымен (2-сынып болғандықтан) жұмыстар бірлесе атқарылады. Тапсырмаларды орындауға талпыныстары жоғары.

4. Сыныпта тәртібі жағынан қиын бала жоқ. Барлық оқушылар ата-аналарымен, психологпен жұмыстар жүргізілуде.

5. Сынып оқушылары мектепшілік концерттерге, әртүрлі мерекелерге, «Алтын күз» сияқты іс-шараларға қатысып, би мен әнге деген қабілеттерін жақсы көрсетті.

6. Сынып ата-аналары ұйымшыл, жиналыстарға себепсіз келмейтін ата-аналар жоқ.

Сынып жетекшіі



Токтар Ақдана Есмырзақызы